



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

01.06.2026 № 206-Н/К

Астана қаласы

город Астана

**Аукциондық сауда-саттықтарды
өткізу графигін бекіту туралы**

2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 466 Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16240 болып тіркелген) аукционға қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарын, өтінімді беру мазмұны мен тәртібін, аукционға қатысуға арналған өтінімді қаржылық қамтамасыз ету түрлерін және оларды енгізу мен қайтару шарттарын, қорытындыларды шығару және жеңімпаздарды айқындау тәртібін қамтитын аукциондық сауда-саттықтарды ұйымдастыру және өткізу қағидаларының 6-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған аукциондық сауда-саттықтарды өткізу графигі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Жаңартылатын энергия көздері департаменті (бұдан әрі – Министрлік) осы бұйрықты қол қойылған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Министрліктің интернет-ресурсында орналастырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің жетекшілік ететін вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданғысқа енгізіледі.

Министр



Е. Аққенженов

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2026 жылғы « 01 » 06
№ ~~206-11~~ бұйрығына
қосымша

Аукциондық сауда-саттықты өткізу графигі

Сауда-саттық күні (айы)	Сауда-саттықты өткізу уақыты (Астана қаласы уақыты мен)	Аукциондық сауда-саттыққа қатысушылар тізіліміне енгізу үшін құжаттар қабылдау кезеңі	БЭЖ аймағы	ЖЭК типі	Сатып алынатын белгіленген қуат көлемі, МВт		Шекті аукциондық баға шамасы, тг/кВт*сағ	Пайдалануға енгізу талап етілетін күн, шарттың қолданылу мерзімі	Жобаның белгіленген қуатының 1 кВт есебінен аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз ету	Жобаның белгіленген қуатының 1 кВт есебінен сатып алу шартының талаптарын орындауды қаржылық қамтамасыз ету	Аукцион түрі
					шағын 0,1-ден 10 МВт дейін қоса алғанда (0,75 МВт басталатын ЖЭС үшін)	ірілері 10 МВт және одан жоғары					
2026 жылғы 4 қыркүйек	15-00 бастап	04.08.2026-27.08.2026	Барлық аймақ	ГЭС	50	-	41,23	Шарт жасалған күннен бастап 60 ай / 20 жыл	2 000 теңге/кВт	10 000 теңге/кВт	Құжатта масыз

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін салу үшін жоспарланатын резервтелген жер учаскелері туралы ақпараты бар 1-кесте:

График тармағы, №	Облыс	Аудан	Елді мекен	Жер ауданы, гектар	Жер санаты
1.	-	-	-	-	-

Электр желілеріне қосу нүктелері бойынша барынша рұқсат етілген қуат және болжамды қосу саны көрсетілген энергия беруші ұйымның электр желілеріне қосылу мүмкіндігі туралы ақпараты бар 2-кесте:

Энергия беруші ұйым	Облыс	Аудан	ЭБЖ	Кіші станция	Қосылу қуаты бойынша (белгіленген қуаттың максималды рұқсат етілген көлемі) шектеу, МВт	Жаңа қосылулар саны бойынша шектеу (жалғаным)
			Атауы, координаттары	Шиналары		
-	-	-	-	-	-	-

Ескертпе:

осы қосымшада қолданылатын аббревиатуралардың толық жазылуы:

БЭЖ – біртұтас энергетикалық жүйе;

ЖЭК – жаңартылатын энергия көздері;

ЖЭС – жел электр станциялары;

ЭБЖ – электр беру желілері;

МВт – мегаватт;

кВт – киловатт;

тг/кВт*сағ – теңге/киловатт*сағат.